

Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне қызметтік жеңіл автомобильдер лимитін көбейту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 4 шілде N 842. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.18. N 1551 қаулысымен.

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Кеден қызметін басқарудың бірлігі туралы келісімді жүзеге асыру жөніндегі бірінші кезектегі шаралар жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті жанындағы Ресей

Федерациясының Мемлекеттік Кеден комитеті өкілдігінің қызметкерлеріне шарт негізінде ақылы қызмет көрсету үшін Қазақстан Республикасының Кеден комитетіне "Қазақстан Республикасы Кеден комитеті Орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1797 қаулысымен белгіленген қызметтік жеңіл автомобильдер лимиті 4 автомобильге көбейтілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары